

Имамдардын уагызынан неге шаршайсын?!

Автор: Administrator
18.10.2025 22:42 -

Имамдардын уагызынан неге шаршайсын?!

ВОПРОС: Ассаламуалейкум, Мейрам ага.

Сізге сұрағым бар. Бұл қиын, күрделі бірақ ұзақ уақыттан бері көкейімде жүрген сұрақ. Сұрақ дөрекі болса кешірім сұраймын, бірақ осы сұрақ іштегі зарым. Сонғы кездері "бұйтсен намазын қабыл емес, бұйтсен дүгән қабыл емес, бұйтсен құлшылығын қабыл емес, бұйтсен жолын жабылады және т.б." осыған ұқсас насихаттарға, уағыздарға қонілім толып жатқан жоқ, бұл әсіресе ата-ана туралы, туыстық қатынас туралы нәрселерде айтылады. Ата-ана туралы айтылатын насихаттарда да вечно одно и то же, балаға келгенде "бұйтсен ондай боласын, бұйтсен сондай боласын", как будто оларға бәрі бола беретіндей, лицензия беріліп қойғандай. Солар қателік жасаса, арамдық жасаса, әділетсіздік жасаса кешіріліп, ақталып, балаға қаратып әңгіме айтыла береді "Ата-ананы сыйлау керек, құрметтеу керек, оларға ренжімеу керек, болмаса жолын жабылады, анау болады, мынау болады" дейді да, ал оларға келгенде бәрі бола қалатындай, аузына келгенін сойлесе де, жанын ауыртса да, арамдық қылып жүрсе де, әділетсіздік қылып жүрсе де ақталып, кешіріліп, "оларды кешіру керек, оларға ренжімеу керек, ол сенін әкен, ол сенін анан және т.б." әңгімелер айтылады. Неужели балаға гана әңгіме айтылып, оларға "дұрыс әке бол, дұрыс ана бол, әділетсіздік қылма, арамдық қылма және т.б." сол сияқты әңгімелер айтылмайды дұрыстап, айтатындары онкей "бұйтсен намазын қабыл болмайды, дүгән қабыл болмайды, құлшылығын қабыл болмайды, жолын жабылады, жұмақтың иісін сезбейді, тозаққа түседі". Неужели баланың, қыздың кеудесінен итеріп отырады осындай насихаттармен, осындай уағыздармен. Неужели әке немесе ана немесе екеуі де ақтала береді да, кешіріле береді да, қыздың, баланың кеудесінен итеріледі "Алла бұлай айтты, Пайғамбар солай айтты" дейтін әңгімелермен. Соған және осыған ұқсайтын нәрселерге сонғы кездері қонілім толмайтыны, обидно болатыны осындай уағыздар, насихаттар. Бұл жағына қалай қарайсыз?

Бағдат

ОТВЕТ уа алейкум ас сәлям Бағдат бауырым!

Имамдардын уагызынан неге шаршайсын?!

Автор: Administrator
18.10.2025 22:42 -

Бізде дұрыс білімі бар муфтии болған емес халыққа дінді дұрыс жеткізетін, ал дүмше имамдар туралы үндемей ақ қояйын. Жұма сайын кемі жарты сағат ауыздары көпіріп уағыз айтады бір айтқандарын бірнеше рет қайталап бір жыл ішінде. Бір ауыз сөзбен жеткізетін ойларын жарты сағатқа созады. Хадисте сендердің ең жақсыларын жұма намазын ұзартып, уағызды қысқа айтатындар деп айтылған. Ал бұлар бір айтқанын мыжи береді, мыжи береді елді жалықтырып. Мен өзім жұма намазына Аллаһтан қорыққанымнан ғана барамын. Дүмше имамдардың жамағат деген сөзінің өзінен жүрегім айнып, күскым келеді естігенде. Аллаһ мұсылман болындар, олар сендер мұсылман болып олар деп бұйырады. Ал бұл надандар жамағат болып өмір сүріп, жамағат болып олар кіреді.

Ешкімге сенің намазың, құлшылығың, оразан қабыл болмайды деп және т.б. осыған ұқсас сөздерді ешқашан айтпа болмайды, өйткені мұны тек жалғыз Аллаһ ғана шешеді кімдікің қабыл ететінін, кімдікің қабыл етпейтінін. Кім Аллаһ үшін шешім қабылдаса, сол адамның өзін Аллаһ тосаққа жіберуі мүмкін сол сөзі үшін. Бұл туралы ескертетін хадистар бар. Сондықтан өте сақ болу керек уағыз, не ақыл айтқанда.

Ата-ананы сүлау бұл Аллаһтың бұйрығы. Айтқан сөздеріңнің бәріне толықтай келісемін. Таяқтың екі ұшы болатынын ұмытпау керек. Ата-ана туралы айтылғанда олардың балаларына деген қозғарастары, берген тәрбиелері туралы да айтуды ұмытпау керек. Кейбір надандар бірдене болса, не ұрсысып қалса міндетсінеді мен сені тудым, өсірдім, оқыттым, тамақтандырып қиіндірдім деп. Олардың балаларының алдында міндеттері бар екенін айтуды ұмытпау керек. Осы жазылған сөздерді Аллаһым керек адамдарға жеткізер деп ойлаймын, ин шаа Ллаһ.